

# §22. Алтын Орда.

## Жоспар.

1. Алтын Орданың құрылуы.
2. Алтын Орданың күшеюі.
3. Алтын Орданың әлсіреуі.
4. Алтын Орданың қоғамдық құрылысы.

# Шыңғысхан

Жошы

Шағатай

Үгедей

Төле

Батый

Ежен

Шайбан

Алтын  
Орда

Ақ Орда

Моғолстан

Әмір Темір мемлекеті

# Тапсырмалар

1. Алтын Орда қай ұлыстың орнына құрылды?
2. Негізін қалаушы кім?
3. Мемлекеттің өмір сүру мерзімі?
4. Батый ханға тарихи тұлға ретінде сипаттама бер.
5. Астанасын ата.

# Алтын Орда хандары

Алтын Орда билеушілері	Негізгі оқиғалар
Батый хан (1227-1255 ж.ж.)	Батысқа жорық жасап (1236-1242), көптеген елдерді жаулап алды. Алтын Орда шекарасы батысқа қарай кеңейіп, күшейе түсті. Солтүстік Кавказ, Қырым бойы, Орыс князьдіктері, Шығыс Еуропа елдері Алтын Ордаға алым-салық төлеп тұруға мәжбүр болды.
Берке хан (1256-1266 ж.ж.)	Моңғол империясына тәуелділігін мойындамай, бүкіл моңғолдық құрылтайға қатысудан бас тартты. Саяси және экономикалық жағынан дамып, Египет сұлтаны Бейбарыспен байланыс күшейе түсті. Мұсылман дінін қабылдады. Исламды мұсылман елдермен қарым-қатынасты күшейту мақсатында қолданды.

Мөңке-Темір (1266-1280 ж.ж.)	1271 жылы Алтын Орданың Египетпен байланысына кедергі келтіруге тырысқан Византияға жорық ұйымдастырып, бейбіт келісімге келген. Сауда қатынасы жақсарған.
Тохты хан (1290-1312 ж.ж.)	Иран, Кавказ елдерімен сауда қатынасы дамыды. Египет мәмлүктерімен тығыз қарым-қатынаста болған.
Өзбек хан (1312-1342 ж.ж.)	Қалалық өмірдің дамуына көп көңіл бөлген. Бұл кезеңде мұсылман діні мемлекеттік дін деп жарияланды.
Жәнібек хан (1342-1357 ж.ж.)	Ғимараттар, мешіт, медреселер салынып, сауда дамыды.
1357-1380 ж.ж. жиырмадан астам адам хан болып, тақ үшін таласта бірін- бірін өлтірген	1380 ж. Алтын Орданың Мамай қолбасшылық еткен әскері Куликово даласында Дмитрий Донской бастаған орыс әскерінен жеңіледі. Алтын Орда мүлдем әлсірейді.

Тоқтамыс хан

Әмір Темір көмегімен Алтын Орда тағына отырған Тоқтамыс 1382 жылы Мәскеуге басып кіріп, қаланы өртеп жібереді. Мауараннахр мен Кавказ елдеріне бірнеше рет жорық жасайды.

Шейх –Ахмед

1502 жылы қайтыс болды

# Алтын Орда XV ғ.о. ыдырады

Ақ Орда

Ноғай Ордасы

Сібір

Қазан

Қырым

Астрахан

хандықтары

# Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесі

Хан

Әскери билік

Азаматтық билік

Мыңбасы, түменбасылар

Уәзірлер

Беклербек

Мәліктер

Басқақтар

Даруғалар



# Қоғамдық құрылысы

**Тапсырма.** Мына лауазымдардың қай салада қызмет атқарғанын тауып жаз.

- 1) Мәлік
- 2) Даруғалар
- 3) Беклербек
- 4) Басқақтар
- 5) Уәзірлер
- 6) Білікшілер (хатшылар)

# Қоғамдық құрылысы

Лауазым	Атқарған қызметі
Беклербек	Әскери істерді басқарды
Білікшілер (хатшылар)	Іс-қағаздарын жазушылар
Мәлік	Азаматтық басқару билігі
Даруғалар	Салық жинау, халық санағын жүргізу, әскер жинау
Басқақтар	Басқару қызметін атқарды, халыққа әскери басқару жүргізді, кей жерлерде салық жинады
Уәзір	Азаматтық билік

# Тест

1. Алтын Орданың соңғы билеушісі:

- А) Батый
- В) Өзбек
- С) Жәнібек
- Д) Тоқтамыс
- Е) Шейх-Ахмед

2. Шығыс Еуропаға жорықты басқарған моңғол ханы:

- А) Ежен
- В) Шайбан
- С) Батый
- Д) Өзбек
- Е) Меңгу

3. Ноғай Ордасының құрылуына себеп болды:

- A) Шағатай ұлысының ыдырауы
- B) Алтын Орданың ыдырауы
- C) Сібір хандығының әлсіреуі
- D) Темір билігінің әлсіреуі
- E) Әбілқайыр билігінің әлсіреуі

4. Алтын Орданың астанасы:

- A) Янгикент
- B) Самарқанд
- C) Баласағұн
- D) Отырар
- E) Сарай-Бату

5. Алтын Ордада беклербек басқарған сала:

- А) салық жинау
- В) сауда
- С) шаруашылық
- Д) діни істер
- Е) әскери іс

6. 1227-1255 ж.ж. Алтын Орданы билеген хан:

- А) Өзбек хан
- В) Батый хан
- С) Тохты хан
- Д) Мөңке хан
- Е) Берке хан

7. Алтын Ордада салық жинауға жауап беретін адамдар:

А) даруға

В) ноян мен бек

С) баһадүр мен беклербек

Д) түмен басы мен мыңдық басы

Е) беклербек пен уәзір

8. Тоқтамыстың Мамай ордасын басып алу уақыты:

А) 1378 ж.

В) 1379 ж.

С) 1382 ж.

Д) 1381 ж.

Е) 1380 ж.

9. Алтын Ордада әскери билік кімнің қолында болды?

- А) бектердің
- В) даруғалардың
- С) басқақтардың
- Д) беклербектің
- Е) уәзірлердің

10. Алтын Ордада уәзірлер билік жүргізген сала:

- А) салық
- В) әскери іс
- С) азаматтық іс
- Д) елшілік
- Е) кеңесші

11. Мамайдан кейін Алтын Ордадағы билікті басып алып, 1382 жылы Мәскеуге жорық жасаған Жошының ұрпағы:

- A) Батый
- B) Тоқтамыс
- C) Орыс хан
- D) Темірлан
- E) Едіге

12. Алтын Орданың негізін қалаушы:

- A) Тоқтамыс
- B) Едіге
- C) Батый
- D) Берке
- E) Өзбек



13. Алтын Орданың ыдырауынан кейін пайда болмаған мемлекетті көрсет:

- A) Ақ Орда
- B) Моғолстан
- C) Сібір хандығы
- D) Қырым хандығы
- E) Астрахан хандығы

14. Алтын Орда Шыңғысханның қай ұлының ұлысы орнына құрылды:

- A) Шағатай
- B) Үгедей
- C) Төле
- D) Жошы
- E) Мөңке